

«Астана Медицина Университеті» АҚ

**Тақырыбы : Қазақстанға арналған
мыңжылдықты дамытудың мақсаттары.**

Орындаған :Қарсыбай Төрехан.

Топ 323 ЖМ

Тексерген : Жанаргүл Шакейқызы.

2016 жыл

Жоспар.

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім.

Қазақстанға арналған МДМ

Қазақстанға арналған МДМ-ның есебі

III.Қорытынды.

IV.Пайдаланылған әдебиеттер.

КІРІСПЕ

2000 жылдың қыркүйегінде Нью-Йоркте Мыңжылдық Саммитінде БҰҰ мүше мемлекеттердің басшылары Мыңжылдық Декларациясына қолдарын қойды, онда дамудың негізгі мақсаттары: шектен тыс кедейлік пен аштықты жою, жалпыға бірдей бастауыш білім, гендерлік теңдік пен әйелдердің құқықтары, балалар өлімін азайту, аналарды қорғау, ғасыр дерттерімен күрес, экологиялық тұрақтылық және даму мақсаттарында жаһандық әріптестік тұжырымдалған болатын.

Бұл мақсаттар дүниежүзілік қауымдастыққа 2015 жылға адамдардың өмір сүру жағдайдарын жақсарту үшін елеулі, өлшеуге болатын нәтижелерге жетуге көмектесулері тиіс. МДМ қол жеткізу үшін жұмыс істеуге міндеттемелермен бірге елдер өздеріне нәтижелердің мониторингі мен МДМ жөнінде есептер даярлау үшін де міндеттеме алған болатын.

Осы есеп Қазақстандағы МДМ жөніндегі үшінші есеп. Қазақстандағы Мыңжылдық даму мақсаттары туралы бірінші есеп 2002 жылы жарияланды және ҚР Үкіметі мен БҰҰ бірлесіп даярлаған Шығыс Еуропа мен ТМД- аймағындағы тұңғыш есеп болды. 2005 жылы Қазақстандағы БҰҰ-ның елдік командасы елдің Үкіметімен бірлесіп МДМ туралы екінші есеп даярлады, онда МДМ-ның ұлттық және облыстық деңгейіндегі жетістіктеріне талдау жасалынып, баға берілген болатын.

2007 жыл – МДМ қол жеткізу үшін олардың қабылданған 2000 жылдан бері өткен уақыт пен оларды орындауды келіскен 2015 жылдың тең орталығы. Қазақстанда МДМ бойынша бірсыпыра міндеттер қазірдің өзінде-ақ орындалғандығына байланысты осы есеп өзіне МДМ+күн тәртібін, яғни Қазақстан үшін бейімдендірілген, ұлттық басылымдықтарға, ұлттық статистикаға, тиісті мемлекеттік бағдарламаларды таңдауға, сонымен бірге басқа елдердің тәжірибелеріне негізделінген қосымша мақсаттарды қамтиды.

1 мақсат:Шектен шыққан кедейлік пен аштықты жою.

Бұл мақсатқа оның алғашқы нұсқасында Қазақстанда 2004ж қол жеткен болатын. Қазақстанда 1 МДМ орындалуы кедейлікті және шектен шыққан кедейлікті азайту есебінен іске асырылды. Сонымен бірге, әлемнің 50 ең бәсеке қабілетті экономикасының қатарына ену міндетін қоя отырып және республиканың 2030 жылға дейінгі ұзақмерзімдік даму стратегиясын орындай отырып, Қазақстанға мүмкіндіктер бойынша кедейлікке назар аудару қажет, өйткені елді дамыту жоспарларының орындалуы нақ осы ұлттық әлуетті арттыру міндеттерінің шешілуіне тәуелді. Тиісінше Қазақстанға бұл бағытта бұрынғылардан күрделірек міндеттер қоюына болады. Кедейлікті бағалау критерийлерін қайта қарау қажет, ал атаулы әлеуметтік жәрдем беру үшін критерий ретінде кедейлік шегін, экономикасы тұрақты дамушы елдерде қабылданғандай, ағымдағы тұтыну қоржынының толық құны деңгейінде белгілеген жөн. 1+ МДМ-ның жаңа міндеті табыстары күнкөріс минимумынан төмен ауыл тұрғындарының санын 2015 жылға тең жартысына азайту бола алады.

2 мақсат. Жалпы бастауыш білім беруді қамтамасыз ету.

Бұл мақсатқа Қазақстанда өзінің ерекше нұсқасында қол жеткізілді. Осымен бір мезгілде сапалы білімге бірдей қол жеткізуді арттыру мақсаты Қазақстан үшін маңызды болып қалып отыр. Қазіргі кезде мектепке бару, білім беру сапасы, ауыл мектебінің проблемалары және халықтың әлеуметтік осал топтарының балаларын оқыту мәселелері күрделі күйде қалып отыр. Конституцияға және Білім туралы заңға сәйкес мемлекеттің саясаты бастауыш (1-4 сыныптар), негізгі орта (5-9/10 сыныптар) және жалпы орта (10/11-11/12 сыныптар) білімдерді біріктіретін тегін міндетті жалпы орта білімге қол жетімдігін/теңдігін және сапасын/тиімділігін сақтауға бағдарланған. Сөйтіп, бастауыш білімнің қамтамасыз етілгендігі мәртебесін растай отырып, Қазақстанға 2+ мақсатты жалпыға бірдей орта білімді қамтамасыз ету деп қарастыру қажет.

3 мақсат: Гендерлік теңдікті қамтамасыз ету және әйелдердің жағдайын жақсарту.

Бұл мақсатқа Қазақстанда ерлер мен әйелдердің бастауыш және орта білім аясындағы теңсіздікті жою міндеттеріне байланысты қол жеткізілді.

Дегенмен, Қазақстанда әйелдер мен ерлердің жағдайындағы айырмашылықтардың әлі де болса елеулі екендіктерін мойындауға тура келеді. Әйелдердің шешімдер қабылдау деңгейінде өкілдіктері жеткіліксіз. Еңбек рыногінде теңсіздік орын алуда. 3+ МДМ-ның жаңа басымдылықтары әйелдердің мемлекеттік басқару органдарындағы өкілдігін арттыру жөніндегі шараларды қабылдау және іске асыру, әйелдерге байланысты зорлық-зомбылықтардың алдын алу және жою үшін заң шығарушылық және орындаушылық шараларды қамтамасыз ету, мемлекеттік жоспарлау мен бюджеттік процеске гендерлік көзқарастарды, оның ішінде ерлер мен әйелдердің еңбек ақыларының дейгейлерінің араларындағы алшақтықты азайтуды үнемі енгізіп отыру сияқты міндеттерді қамтулары керек.

4 мақсат. Балалар өлімін қысқарту.

Бұл мақсатқа Қазақстанда әлі де қол жеткізілген жоқ. Оның үстіне, елде 2008ж енгізу жоспарланған тірі туу критерийлері сәбилер өлімінің тіркелуінің артуына алып келуі тиіс, бұл осы мақсатқа жетуді екіталай етеді. Дегенмен, критерийлердің енгізілуінің маңыздылығын түсініп, мемлекет медициналық-статистикалық көрсеткіштердің болжамды өсуіне байланысты әкімшілік шаралар қолдануға уақытша тиым жариялады¹. Қазақстан Үкіметінің 2007-2009 жылдарға арналған бағдарламасында денсаулық сақтаудың әлеуметтік маңызды проблемаларын шешу үшін дүние жүзінде сынақтан өткен нақтылы көзқарастар мен іс-шараларды жүйеге келтіре отырып, аналар мен балалардың өлімін қысқарту жөнінде іс-шаралар кешенін іске асыру көзделген. Осы шаралар жоспарларға сәйкес тұрақты негізде іске асырылады деп сенгіміз келеді. Тек бірігіп жасаған әрекеттер жағдайды тұрақтандырып қана қоймай, сонымен бірге оны жақсарту бағдарын белгілеуге және бұл саладағы дағдарысты жеңуге мүмкіндік береді

5 мақсат: Аналарды қорғауды жақсарту.

Қазақстанның мыңжылдық мақсаттарына қол жеткізу ісіндегі ілгерілеушілікті талдаудың шыққанынан кейінгі өткен 2,5 жылдың ішінде аналар өлімін қысқарту мен ұрпақ келтіру денсаулығының қызметтері мен тауарларына жаппай қол жетуді қамтамасыз етуде айтарлықтай ілгерілеушілік орын алмады. Аналардың өлімін оның салыстырмалы төмен табылдырықтық деңгейіне қол жеткеннен соң (бұл елде орын алып отыр) азайтуға қол жеткізудің аса қиындығын ескере отырып, шешуші анықтағыштардың маңызды динамикасының жоқтығынан аналар өлімінің 100 000 тірі туғандарға 14 деген көрсеткішіне жету (яғни көрсеткішті 1990ж салыстырғанда 3/4-ке азайту) екіталай. Елде ана мен баланың денсаулығын қорғауға саяси пейіл бар, бұл мәселеге Үкімет басымдық ретінде қарайды. Осы ниетті іске асыру жөнінде жедел нақтылы қадам жасау қажет. Ең алдымен, елге ұрпақ келтіру денсаулығының егжей-тегжей стратегиясы қажет, онда бұл стратегияны іске асыру жөніндегі Үкіметтің және, мүмкін, донорлық ұйымдардың тараптарынан қаржылық міндеттемелер болуы керек..

6 мақсат: АИВ/ЖИТС және туберкулезбен күрес.

Қазақстан Республикасында АИВ індетін бастапқы сатыда ұстап тұруға қол жетті (АИВ негізінен екпе есірткілерді қолданушылардың, секс қызметшілерінің арасында топтасқан). Бірақ жағдайдың ұшығу қаупі өте үлкен, өйткені есірт-кілерді егу жолымен қолданушы және секс қызметшілерінің іс жүзіндегі мінез-құлықтары қауіпсіз емес, ал жастардың АИВ жұғу жолдары мен одан сақтану тәсілдері туралы білімдерінің деңгейі төмен, АИВ жұқтыру жөніндегі қауіпсіздік шаралары барлық уақыттарда қолданыла берілмейді. АИВ-жұқпаның індетінің таралуына тосқауыл қою бағдарламасын табысты іске асыру үшін биік деңгейдегі биліктің қатал және жауапты ұстанымының болуы, заң шығарушылық негізді жетілдіру, маңызды ақпараттың жиналуы мен сынамалы түрде пайдаланылуын жетілдіру, сонымен бірге жан-жақты сапалы медициналық жәрдем мен қолдау және күтудің тұрақты жүйесін құру, ынтымақтастық пен әріптестікті нығайту және ғылыми зерттеулерді дамыту қажет. Туберкулез: Қазақстан Республикасы, БДҰ 2005ж ресми мәліметтері бойынша, тіркелген туберкулезбен науқастанушылық (ТБ) жөнінен көшбасшылар қатарында – 100000 халыққа 147 науқас – және туберкулез жөнінен БДҰ-ның еуропалық аймағында 18 басымдылықты елдердің санына енеді.

Оның үстіне көптеген дәрі-дәрмектерге төзімді қоздырғышты туберкулездің (КДТ ТБ) таралу деңгейі дүние жүзіндегі жоғарылардың бірі болып саналады. Бүгінгі күнде Қазақстанда туберкулезге байланысты эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыру мен жақсартуға кедергі келтіруші бірнеше проблемалар орын алып отыр. Олардың қатарына эпидемиологиялық қадағалау мен туберкулезбен ауыратындардың тізімін алдырудың жетілмегендігін, туберкулезге қарсы қызметтегі білікті кадрлардың жетімсіздігін, елде туберкулезге байланысты эпидемиологиялық жағдайды жақсартуға туберкулезбен науқастану мен өлімді азайтуға бағытталынған әрекеттер бағдарламасының болмауын, лабораториялар мен станцияларда жұқпа бақылауының жоқтығын, АИВ/ЖИТС-пен күрес жүйесімен жеткіліксіз біріктірілуін, сонымен бірге халықтың туберкулез туралы санитарлық сауатының төмендігін, туберкулезге стигмалардың бар екендігін жатқызуға болады.

Эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыруға және жақсартуға кедергі келтіруші жоғарыда аталған проблемаларды жойған жағдайда мыңжылдық даму мақсаттарына жетуге мүмкіндік бар.

7 мақсат: Экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету.

Ұлттық бағдарламалар: Қазақстандағы МДМ ілгерілеуі туралы соңғы есеп жарияланған уақыттан бері (2005) республика тұрақты дамуға көшу туралы жарияланған міндеттемелерін орындауда елеулі табыстарға қол жеткізді.

Дегенмен, қоршаған ортаны басқарудың мемлекеттік

стратегияларын іске асыруда экожүйелік көзқарастың жоқтығы

Қазақстанның экологиялық тұрақтылыққа қол жеткізу саласындағы басты проблемасына айналып отыр. Ерекше күзетілетін табиғи аумақтарды, орман алқаптарын сақтау мен қалпына келтіру, шығарылатын парник газдарының көлемін азайту, барлық өзара байланысты экономикалық, экологиялық және әлеуметтік құбылыстарды ескере отырып, энерготімді технологияларды ендіру жөніндегі міндеттерді шешудің маңызы зор. Суға қол жеткізу: Сумен қамтамасыз етілуі жөнінен Қазақстан ТМД елдерінің арасында ең соңғы орында. Ірі өзендердің көпшілігінің ағыны республикадан тыс жерлерде қалыптасқан, ол көршілес елдерден тәуелділікке алып келеді. 10 міндеттің шешілуі бірнеше мәселелерге байланысты өте күмәнді, олардың ішінде ең маңыздысы сумен жабдықтау мен су тарту жүйелерінің жарамсыздығы болып отыр. Суды пайдаланушылардың әртүрлі топтарының мүдделері мен суды ғылыми-негізделінген әлемдік нормалар және суды пайдалануды бақылаудың жолға салынған жүйесінің негізінде ұтымды пайдалануды ескеретін кешенді көзқарас қажет.

Саланы техникалық қайта қаруландыру, ауыз суды даярлау мен берудің, сонымен бірге ағын суды бұру мен тазалаудың қазіргі замандық технологияларын енгізудің бірінші дәрежелі маңызы бар. Су қорларын ұтымды пайдалану және оларды ластану мен сарқылудан қорғау мәселелері де өте маңызды. Экологиялық заңнаманы, су шығындарын нормалау, есептеу және бақылауды жетілдіру шараларынан басқа ағартушылық жұмысты дамыту, аса маңызды өмірлік табиғи қордың сақталуы үшін азаматтық жауапкершілікті арттыруға бағытталған экологиялық акцияларды ұйымдастыруға көмектесу қажет.

Тұрғын үй мен канализацияға қол жеткізу: Жылжымайтын мүлкі бар және канализация жүйелеріне қолдары жететін үй шаруашылықтарының үлесін арттыру міндеті кедей халықтың жалпы өмір сүру жағдайларын жақсарту проблемасымен тығыз байланысты. Сарапшылар тұтынушылық кедейліктің болар-болмас азаюына қарамастан, Қазақстанда тұрғын-үй кедейлігінің елеулі артқандығын атап көрсетті (тұрғын жай салып алуға шамасы келмейтіндердің саны барған сайын өсіп келеді). Ірі қалаларда заңсыз құрылыстар салу мен олардың айналасында лашықтардың қалыптасу жағдайы да шиеленісіп тұр. Бұл міндетті шешу барысында кедейлікпен күрестің, бастауыш білім мен медициналық қызметтердің қолжетімділігін, жұмыспен кепілді түрде қамтамасыз етудің барлық тұстарын ескеру қажет.

Қазақстандағы Мыңжылдық Даму Мақсаттарының 2010 жылғы Есебі

2010 жылғы 25 қазанда, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінде 2010 жыл үшін жасалған Қазақстандағы мыңжылдық даму мақсаттары туралы есептің тұсаукесері болып өтті. Бұл есепті Қазақстан Үкіметі БҰҰ-ның Қазақстандағы елдік командасымен бірлесіп дайындаған болатын. МДМ туралы 2010 жылға арналған есептің құрамында кейбір мақсаттарға қол жеткізуге кедергі келтіретін негізгі проблемалардың анықтамасы, сондай-ақ нақты кеңестер мен Үкімет үшін 2015 жылы МДМ қол жеткізуге қажетті қадамдарды қоса алғанда, қорытындылар мен тұжырымдар бар.

Қазақстандағы Мыңжылдық Даму Мақсаттарының 2007 жылғы Есебі

2008 жылғы 27 маусымда Сыртқы істер министрлігінде Қазақстанда Мыңжылдық даму мақсаттары туралы 2007 үшін есеп ұсынылды. Бұл есеп ММД Қазақстандағы үшінші есебі болып табылады. 2007 жыл – бұл 2000 жылы оны қабылдаған сәттен бастап 2015 жылы орындап шығу келісілген күнге дейінгі МДМ қол жеткізу бойынша елдер жүріп өткен жолдың тең жартысы. Қазақстанда МДМ бойынша әлден ақ бірқатар міндеттер орныдалып қойды, ағымдағы есеп МДМ+ күн тәртібін қамтиды, демек ұлттық басымдықтарды, ұлттық статистиканы, тиісті мемлекеттік бағдарламаларды талдауға негізделген, сондай-ақ басқа елдердің тәжірибесінің негізінде Қазақстан үшін икемделген қосымша мақсаттар бойынша өзіне міндеттемелер қабылдады.

Қазақстандағы Мыңжылдық Даму Мақсаттарының 2005 жылғы Есебі

2005 ж. 10 қазанда ҚР Парламентінде Қазақстандағы Мыңжылдық табалдырығында даму мақсаттары туралы екінші есебі ұсынылды. Ол Үкімет пен Қазақстандағы БҰҰ жүйесінің бірлескен тапсырысы бойынша дайындалды. Есеп статистикалық ақпаратты, негізгі жетістіктерді бағалау мен талдауды, МДМ әрқайсысы бойынша проблемалар мен беталыстарды қамтиды. Алғашқысы сияқты 2005 жылғы есеп те үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жасалды. Бұдан басқа 2005 жылғы есептің қысқаша нұсқасы - Мыңжылдық табалдырығында Даму Мақсаттарына шолу басылып шығарылды.

Қазақстандағы Мыңжылдық Даму Мақсаттарының 2002 жылғы Есебі

Мыңжылдық даму мақсаттары туралы алғашқы есеп 2002 жылы шығарылды және елдің МДМ прогресін ашық бағалауды жүргізуге дайын екендігін растаған және оған қол жеткізу үшін жұмыс істейтін Шығыс Еуропа мен ТМД елдеріндегі осындай алғашқы есеп болды. Қазақстанда Мыңжылдық даму мақсаттары туралы сөзбен, кестемен және кескіндеумен жасалған есеп елдегі Сегіз мақсат бойынша жай-күйді суреттейді, сондай-ақ мұнда осы мақсаттарға 2015 жылы қол жеткізу мүмкіндігіне баға және оны орындауға қажетті делінген тізім беріледі. Осы есепте бюрократиялық егжей-тегжейді суреттеу, кең көлемдегі талдамалық деректер және осы немесе өзге саясатты жүргізуге арналған кеңестер жоқ. Есеп пайдалануға қолайлы және түрлі деңгейлерде шешім қабылдауға жауапты қоғамдық өкілдер мен адамдардың кең спектрына түсінікті болады

Қорытынды

Қазақстан бұл бағытта үлкен жолдан өтті және әлемдік қауымдастыққа күрделімәселелерді қарастырудың мемлекеттің проблемалардың бар екендігін мойындауға және оларды шешу үшін нақтылы қадам жасауға, мысалы, кедейлік деңгейін азайту жөніндегі бағдарламаларды орындауға, денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру салаларын реформалауға және тұрақты даму принциптерін енгізуге даярлығына байланысты екендігін дәлелдеді.

Есептен көрініп тұрғанындай, Қазақстан мыңжылдықтың дамудың (МДМ) кедейлікті азайту, білімге қол жеткізу және әйелдердің құқықтарын ілгерілету сияқты кейбір мақсаттарына қол жеткізді және басқа мақсаттарға қол жеткізуде айтарлықтай алға басты. Дегенмен, әлі де болса да, мемлекет тарапынан ерекше назар аударуды қажет ететін бірсыпыра проблемалар қалып отыр. Мысалы, балалар мен аналардың өлімі, АИВ/ЖИТС және туберкулезге байланысты жағдай аса күрделі болып тұр. Қазақстандағы табиғи орта мен экологиялық экономикалық жағдай да күрделі күйде қалуда. Қазақстанның МДМ қол жеткізудегі қазіргі кезге дейінгі ілгерілеуін мына төмендегіше сипаттауға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007-2009 жылдарға бағдарламасы. ҚР Президентінің 06.04.2007ж. №310 Жарлығы..
2. «Мемлекет басшысының Қазақстан халқына 2005-2007 жылдардағы жыл сайынғы Жол-дауларын іске асыру жөніндегі 2007-2009 жылдарға арналған іс-шаралардың негізгі бағыттары жөніндегі Жалпы ұлттық жоспарды орындау жөніндегі шаралардың жоспарын бекіту туралы». Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20.04.2007ж. №319 қаулысы.
3. 2005ж. үшін денсаулық сақтау туралы бүкіл дүниежүзілік баяндама. «Бірде-бір ананы, бірде-бір баланы назардан тыс қалдырмайық». БДҰ. 2006ж
4. «Үкіметтің 2007-2009 жылдарға бағдарламасы туралы». Қазақстан Республикасының Премьер-министрі К.Масимовтің ҚР Парламентінің палаталарының біріккен мәжілісіндегі баяндамасы. 2007ж.
5. Қазақстанның қысқаша статистикалық әржылдығы. Қазақстан Республикасы Статистика жөніндегі агенттігі. 2006-2007ж.ж.
6. Қазақстандағы мыңжылдық алдындағы даму мақсаттары. 2005ж. үшін есеп.
7. «Қазақстан тәуелсіздің жылдарында». Ақпараттық – талдау жинағы. Қазақстан Республикасының статистика жөніндегі агенттігі. 2006ж